

2 Азық-түлік бағасы қалыпты



3 «Бақытты отбасының» екінші кезеңі



4 Еленбей қалған ерлік



4 Көшеттің көптігі емес, көктегені керек



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙДЫ ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасы халқының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 16) тармақшасына және «Төтенше жағдай туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 4, 5, 6-баптарына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының жана COVID-19 коронавирусын пандемия деп жариялауына байланысты азаматтардың өмірі мен денсаулығын қорғау мақсатында Қазақстан Республикасының Заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының барлық аумағында 2020 жылғы 16 наурыздағы 08 сағат 00 минут пен 2020 жылғы 15 сәуірдегі 07 сағат 00 минут кезінде төтенше жағдай енгізілсін.

2. Төтенше жағдайдың кезеңінде Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комиссия осы Жарлыққа қосымшаға сәйкес құрамда құрылсын және оған «Төтенше жағдай туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген өкілеттіктер берілсін.

3. Төтенше жағдайдың күшінде болу кезеңінде мынадай шаралар және уақытша шектеулер енгізілсін:

- 1) қоғамдық тәртіптің сақталуы, аса маңызды мемлекеттік және стратегиялық ерекше режимдік, режимдік және ерекше қорғалатын объектілердің, сондай-ақ халықтың тыныш-тіршілігін және қоғамдық қызметінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін объектілердің қуәтсіздігі күшейтілсін;
- 2) ірі сауда объектілерінің жұмыс істеуіне шектеу қойылсын;
- 3) сауда ойын-сауық орталықтарының, кинотеатрлардың, театрлардың, көрмелердің және адамдар көп жиналатын басқа да объектілердің қызметі тоқтатыла тұрсын;
- 4) карантин енгізілсін, санитариялық-эпидемиология қарсы ауқымды іс-шаралар, оның ішінде Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің және ішкі істер органдарының халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығын сапалындағы қызметті жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшелерінің қатысуымен жүзеге асырылсын;
- 5) ойын-сауық, спорттық және басқа да бұқаралық іс-шараларды, сондай-ақ отбасылық, атауды іс-шараларды өткізуге тыйым салынсын;
- 6) Қазақстан Республикасының және шет мемлекеттердің дипломатиялық қызметінің персоналын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің шақыруымен Қазақстан Республикасына келетін халықаралық ұйымдар делегацияларының мүшелерін қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағына қолқитын барлық түрлерімен кіруге, сондай-ақ оның аумағынан шығуға шектеулер белгіленсін.
- 7) Төтенше жағдай режимі кезінде қолданылатын шаралардың іске асырылуына жауапты болып Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комиссия, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдері айқындалсын.
- 8) Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры осы Жарлықта белгіленген шаралар мен уақытша шектеулерді іске асыру кезінде заңдылықтың сақталуын қамтамасыз етсін.
- 9) Қазақстан Республикасының Үкіметі:

- 1) төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі резервінен қажетті қаражаттарды бөлсін;
- 2) медициналық тексеруден және емделуден, карантиндік режимді сақтаудан бас тартатын, эпидемиологиялық жағдайды айқындау үшін маңызды бар деректерді жасыратын адамдарға бақылау, сондай-ақ аталған адамдардың жауаптылығының шаралары күшейтілсін;
- 3) орталық және жергілікті мемлекеттік органдармен бірлесіп, Қазақстан Республикасының аумағында COVID-19 коронавирусын таралатын болдырмау мақсатында осы Жарлықты іске асыру жөнінде өзге де шараларды қабылдасын.
7. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданыса енгізілсін.

Қазақстан Республикасының Президенті **Қ.ТОҚАЕВ**
Нұр-Сұлтан, Ақорда,
2020 жылғы 15 наурыз № 285



Сыр бойы
Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

№40 (19916)



e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

17 наурыз, сейсенбі 2020 жыл

ҚАЗАҚСТАН ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҮНДЕУІ



Құрметті отандастар!

Баршаңызға мәлім, қазір бүкіл әлем өте күрделі ахуалды бастан өткеруде.

Жаһан жұрттың коронавирустың таралуы алаңдатып отыр.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы пандемия деп жариялаған індіт күннен-күнге ушығып барады.

Өкінішке қарай, осы дерт біздің елімізде де тіркелді.

Денсаулық сақтау министрлігінің ресми мәліметіне сәйкес 9 азаматымыздан коронавирустың белгілері анықталды. Вирус жұқтырған азаматтар және олармен байланыста болған адамдар анықталып, дәрігерлердің бақылауына алынды.

Қазақстан көптеген елдермен салыстырғанда ертерек қамданып, арнайы шаралармен штабын және Үкімет деңгейінде ведомстворалық комиссия құрды. Індіттің таралуын болдырмау үшін арнайы жоспар жасалды.

Менің Жарлығыммен 2020 жылғы 16 наурызда таңғы сағат 8.00-ден бастап Қазақстанның аумағында төтенше жағдай енгізілді.

Төтенше жағдай режимі 30 тәулікке созылады.

Президент жанынан Мемлекеттік комиссия құрылды. Оны Премьер-министр басқарады.

Барлық қажетті алдын алу шаралары жүзеге асырылады.

Қоғамдық тәртіпті қатаң бақылауға алынады.

Көпшілік қатысатын іс-шаралар тоқтатылды.

Көптеген азаматымыздың алдындағы мерекелеріміз орай жоспар құратынын түсінемін.

Дегенмен, бүкіл халықтың денсаулығы үшін осындай шешім қабылдап отырмыз.

Ірі сауда орындарының жұмысын шектеуге мәжбүрміз. Бірақ азық-түлік және аса қажетті тауарлар сатылатын дүкендер, базарлар, соның ішінде сауда және ойын-сауық орталықтарында орналасқан нысан

дар өз жұмысын жалғастыра береміз.

Базарлардың жұмыс істеуі режимін жергілікті атқарушы органдардың ұсыныстары негізінде мемлекеттік комиссия белгілейді.

Ойын-сауық орталықтары, кинотеатрлар, театрлар, көрмелер және жұртшылық көп баратын басқа да орындар уақытша жабылады.

Оқушылар демалысына жіберілді. Студенттер қашықтан оқыту жүйесіне көшті.

Сондай-ақ, азаматтарымыз отбасылық іс-шараларды өткізбеген жөн деп санаймын.

Қазақстан Республикасының аумағына кіруге және шығуға шектеу қойылады.

Алайда, бұл шара жүк тасымалына қатысты емес.

Мемлекеттік шекара бойындағы өткізу бекеттерінде, вокзалдар мен әуежайларда санитарлық режим күшейтілді.

Менің тапсырмам бойынша Үкімет қорынан дәрі-дәрмек, тест-жүйелерін және зертханаға арналған жадықтықтарды алу үшін қаражат бөлінді.

Ауруханаларда орын жеткіліксіз.

Осы шаралардың барлығы – азаматтардың денсаулығы үшін жасалып отырған өте маңызды қадамдар. Мұны дұрыс түсінесіздер деп ойлаймын.

Сақтанғанды Құдай сақтайды.

Бұл індітпен күресуге толық мүмкіндігіміз бар екенін баса айтқым келеді.

Қиындықты біріміз бір халық, бір қоғам болып міндетті түрде еңсеріп шығамыз.

Бұл – уақытша дүрбелең. Осы дағдарыстан абыроймен өтуіміз керек!

Енгізілген шектеулерге әр азамат жауапкершілікпен қарауы тиіс.

Әр адам барынша сақтанып, вирустың таралуына атсалысуы қажет.

Еліміздің барлық азаматтары

өкілетті органдардың қызметіне қолғабыс көрсетеді деп сенемін.

Осындай кезде біріміз сабыр сақтап, тәртіпке бағынуымыз керек.

Дерттің алғашқы белгілері пайда болған жағдайда бірден тұрғылықты жердегі дәрігерге қаралу қажет.

Медициналық тексерістен бас тартып, карантин режимін бұзған азаматтар жауапқа тартылады.

Ең алдымен, еліміздің азаматтары өзін және жақындарының денсаулығына баса мән беруі тиіс. Жеке гигиенаны сақтап, көпшілік жиналатын жерлерге бармаған жөн.

Біріміздің азаматтық жауапкершілігіміз осындай сәтте сыналады.

Мұндай күрделі кезеңде денсаулық саласының қызметкерлеріне зор сенім артылады.

Олар кәсіби біліктілік пен жанашырлық танытып, азаматтардың денсаулығын сақтау үшін аянбай қызмет етеді деп сенемін.

Ардақты ағайын!

Бүгінде коронавирустың жаһандық экономикаға тигізген кері әсеріне куә болып отырмыз.

Бұл бүкіл әлемдік экономика жүйесіне жаңаша көзқараспен қарау қажеттігін аңғартты.

Қазақстан да – әлемнің бір бөлігі. Сондықтан, біздің еліміз де осы ауқымды дағдарыстың салдарын сезінуде.

Дегенмен, осындай ахуалға қарамастан, біз экономикалық жағдайды басты назарда ұстаймыз. Әлеуметтік мәселелердің ушығуына және жұмыссыздыққа көз бермейміз.

Елбасымыздың сарабал саясатының арқасында мемлекетіміздің халықаралық қорындағы қаражат шамамен 90 миллиард долларға жетті.

Бұл ұлттық экономиканың тұрақтылығын сақтауға, барлық әлеуметтік міндеттемелерді орындауға кепілдік береді.

Мемлекет басшысы өз үндеуінде бүкіл халықтың денсаулығы үшін осындай маңызды қадамға барып отырғанын мәлімдеді. Төтенше жағдай режимін енгізу туралы Жарлықта көрсетілген түрлі шектеулер, ойын-сауық, той-томалақ өткізуге тый-

Тұрғанбай МАХАНОВ, денсаулық сақтау саласының ардагері, ҚР Елбек сіңірген қайраткері.

Облыс әкімінің үндеуі

Құрметті қызылордалықтар! Қадірлі жерлестер!

«Коронавирус» індеті әлем елдеріне қауіп төндіруде. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы Қытайдан шыққан жаңа коронавирустың өшуін халықаралық маңыздағы төтенше жағдай деп танып, коронавирус инфекциясы пандемия деп жариялады.

Пандемия – бір елдің тұтас аумағын, іргелес мемлекеттерді, кейде тіпті дүниежүзінің көп елін қамтитын айрықша күшті инфекцияның таралуы болып табылады.

Осыған байланысты Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев еліміздегі барлық қоғамдық шараларды тоқтату туралы бірқатар нақты тапсырмалар берді.

Сондықтан, республика көлемінде барлық қоғамдық-саяси маңызды бар шаралар, жиындар, конференциялар мен мерекелік шаралар тоқтатылды.

Денсаулығымыздың қауіпсіздігі үшін жеке азаматтардың да аса беру, той өткізу мен қоғамдық орындарда өтетін діни жоралғыларға да шектеу жасаған дұрыс деп санаймын.

Бұның барлығы Сыр жұртшылығының жеке бас қауіпсіздігі үшін жасалып жатқан шаралар. Сондықтан, түсіністіктен қабылдауларыңызды сұраймын.

Сондай-ақ, төл Жаңа жылымыз – Наурыз мейрамын отбасылық мерекелеріңізге атап өтуі ұсынып отырмыз. Мерекені жақын-жуықтың арасында қарсы алуыңа да мәні зор.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, қазіргі таңда, біздің облыс көлемінде коронавирус инфекциясының алдын алу үшін нақты шаралар қабылданған. Күнделікті арнайы штаб жұмыс жасауда. Бүгінгі күнге облыста қауіпті індетті жұқтырған азаматтар тіркелген жоқ.

Алдын алу шараларын күшейту мақсатында қала және аудан әкімдіктеріне, облыстық білім, денсаулық сақтау, ішкі саясат, кәсіпкерлік және туризм басқармаларына, полиция департаментіне, «Атамекен» кәсіпкерлер төтенше жағдайдағы маңызды зор.

Біз ел-жұртты дүрліктіретін, ардағаттың әрекеттеріне тыйым мүмкіндік береміз.

Жаған ақпарат таратып, дүрбелең туғызатындар заңға сәйкес жауапқа тартылады.

Бұқаралық ақпарат құралдары, интернет-ресурстар тек ресми мәліметтерге сүйеніп, жұмыс істеуі керек.

Біз осы жаһандық кеселге қарсы тұру үшін күш-жігеріміздің мықты екенін көрсетуіміз қажет.

Татулық пен тұтастықтың арқасында кез келген қиындықтан шығуға болады.

Сондықтан, біріміз бір адамдай жұмылып, қауіпті індетпен күресуіміз қажет.

Береке мен бірлік бәрін де жеңеді!

Қадірлі қазақстандықтар!

Біз – тарихымызда небір қиындықты бастан өткерген халықпыз.

Сол сынақтардан, ең алдымен, береке-бірліктің арқасында сүрінбей өттік.

Бүкіл халықты жұдырықтай жұмылуға, сабыр сақтауға шақырамын.

Бұл күрделі жағдайды біріміз бірге еңсереміз деп сенемін! Халқымыз аман, жұрттымыз тыныш болсын!

Біз біргеміз!

ТАЛАПТАРДЫ ОРЫНДАУ – БАРШАМЫЗДЫҢ МІНДЕТІМІЗ

Әлемді алаңдатқан індет біздің елге жете қоймас деген үмітіміз болғаны рас. Алайда, қазіргідей жаһандану заманында бұл мүмкін емес екен. Ел үкіметі Мемлекет басшысының тапсырмасына сай қауіпті індеттің алдын алу шараларының іс-жоспарын бекітіп, сол бойынша жұмыс жүргізіп келді. Ал енді біздің елімізде осы бір қауіпті инфекцияға шалдыққан адамдар тіркеліп, оның саны көбейе бастаған сәтте ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен бір ай мерзімге төтенше жағдай режимі енгізілді. Соған байланысты Президент Қазақстан халқына үндеу жариялады.

Мемлекет басшысы өз үндеуінде бүкіл халықтың денсаулығы үшін осындай маңызды қадамға барып отырғанын мәлімдеді. Төтенше жағдай режимін енгізу туралы Жарлықта көрсетілген түрлі шектеулер, ойын-сауық, той-томалақ өткізуге тый-

ым салу, инфекцияның алдын алудың сақтық шаралары, қоғамдық тәртіпті сақтау секілді талаптарды мойынсұнып, бұлтартпай орындау баршамыздың міндетіміз. Сонда ғана қауіптің бетін қайтара аламыз. Президент атап өткендей, әр азамат жауапкершілікпен қарап, барынша сақтанып, өкілетті органдардың қызметіне қолғабыс көрсетуі тиіс.

Халқымыз небір қиын-қыстау кезеңдерді бастан өткерген. Мемлекет басшысы азық-түлік қоры, қаржы ресурстары жеткілікті екенін мәлімдеді. Сондықтан біріміз сабыр сақтап, дүрбелеңге бармай, тәртіпке бағынып, талаптарды мұлткіз орындап тұрсақ, бұл сынақты да еңсеретіміз анық.

Қазыбай ҚУДАЙБЕРГЕНОВ, Қорқат ата атындағы КМУ профессоры.

МЕРЕЙТОЙ ИЕСІН ҚҰТТЫҚТАДЫ

«Quyzorda» телеарнасын аймақтың басты ақпарат айнасына айналдыруда үлкен нәтижеге қол жеткізіп, отандық журналистиканың дамуына сүбелі үлес қосқан Жағыппар Қарабала 60 жасқа тоқты. Мерейтой иесін облыс әкімі Қуанышбек Ысқақов құттықтады.

Айдана ЖҰМАДИНОВА, «Сыр бойы».

Жағыппар Аманжолұлы Оңтүстік Қазақстан облысы, Мақтаарал ауданында дүниеге келген. С.Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік қазіргі Әлі Фарابی атындағы Қазақ Ұлттық университетінің журналистика факультетінің түлегі. 1982 жылы алғаш еңбек жолын Жезказған облысында аудандық газеттен бастап, 1991 жылы Жезказған облыстық «Сарыарқа» газетінің бөлім меңгерушісі, 1992-

1998 жылдар аралығында Қызылорда облыстық телерадиокомпаниясында түрлі қызмет атқарып, 2005 жылдан бері «Қазақстан» РТРК» акционерлік қоғамы Қызылорда облыстық филиалының директоры қызметін атқарып келеді.

Жағыппар Аманжолұлының БАҚ саласындағы еңбегі мемлекет тарапынан бағаланып, «Құрмет» ордені, ҚР Ақпарат саласының үздігі, ҚР



Президентінің Алғыс хаты, облыстың «Құрмет грамотасымен» марапатталған.

Білікті ұйымдастырушы көгілдір экран арқылы ұлт мәдениеті мен дәстүрінің дәріптеліп, рухани мұраның жаңғыртылуына айрықша үлес қосты.

Сіз іскер де білікті, ұйымдастырушылық қабілетіңізді танытып, абыройлы қызмет атқарып келесіз. Біз облыста журналистика саласының қарыштап дамуына, оның ішінде телевизияның өркендеп, өсуіне, заман талабына сай болуына әрқашан жан-жақты қолдау жасайтын боламыз, – деді Қ.Ысқақов.

Аймақ басшысы шарада мерейтой иесіне Мемлекеттік хатшы Қырымбек Көшербаев пен Мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұлованың

құттықтау хатын табыстады.

Сондай-ақ, жиында мемлекет және қоғам қайраткері Әбдіжәлел Бәкір, халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы облыстық филиалының төрағасы Сәдуақас Анастасов Жағыппар Аманжолұлы мерейтойымен құттықтады. – Жағыппар Қарабалаға көрсеткен құрметтеріңіз Сыр бойының бұқаралық ақпарат құралдарына деген ілтипаттарыңыз, ықыластарыңыз бен сенімдеріңіз деп түсінемін, – деді Әбдіжәлел Бәкір.

Өз кезегінде мерейтой иесі көрсетілген құрмет үшін алғыс білдірді.

Журналистика қоғамның қозғалуы күштерінің бірі, тәуелсіз мемлекетіміздің аяғынан нық тұрып, қалыптасуына үлес қосатын, ұлттың болашағын қалыптастыратын үлкен

сала деп есептейміз. Сол салада қызмет етіп келе жатқаныма қуаныштымын. Жалпы еңбек өтілім 38 жыл болса, соның 37 жылы журналистикаға арналып келеді. Корпорацияға, оның ішінде облыстық телеарнаға 27 жыл қызметімді арнап келеді екенмін. Телевидениеге үлес қосу арқылы өзім де азамат, маман, басып жатқан кәсіпкермін, – деді Жағыппар Қарабала.

Айта кету керек, мамандарының потенциалы, шығармашылық деңгейі жоғары және қаржылық әлеуеті, өзіне-өзі қамтамасыз етуі жағынан алда тұратын «Quyzorda» телеарнасы соңғы жылдарда республикадағы 14 филиал ішінде алғашқы үштіктің қатарында. Ал, өткен жыл қорытындысы бойынша бірінші орынға көтерілген болатын.

САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ САЛҒЫРТТЫҚТЫ КӨТЕРМЕЙДІ

Кеше Президент Қасым-Жомарт Тоқаев коронавирус індетімен күреске қатысты үндеу жасады. Облыс әкімі Діңбіл Мемлекет басшысы жариялаған үндеуге орай төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі комиссияның кезектен тыс отырысы өтті. Облыс әкімі Қуанышбек Ысқақовтың төрағалығымен өткен жиында профилактика шараларға бас мән берілді.

Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ, «Сыр бойы».

Отырыста аймақ басшысы қала және аудан әкімдіктері, облыстық кәсіпкерлік және туризм, мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы, облыстық полиция департаменті және өңірдегі «Атамекен» кәсіпкерлерді қолдау палатасымен бірлескен түрде көпшілік шараларға тыйым салып, адамдар көп шоғырланатын объектілерде санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтау қажеттігін тапсырды.

Ірі сауда объектілерінің жұ-

мысы санитарлық қауіпсіздік шараларын күшейтумен сағат 10:00 мен 18:00 аралығында, ал, тауарлар базарларының жұмысы санитарлық қауіпсіздікті күшейтумен және залалсыздандырумен сағат 11:00 мен 17:00 аралығында шектелін. Сондай-ақ, қарттар мен мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арналған медициналық-әлеуметтік объектілерге, әлеуметтік ояну орталықтарына, мүгедек балаларға арналған оқу орындарына баруға тыйым салынып, санитариялық-дезинфекциялық ре-

жим күшейтілсін. Бізге ең бірінші халықтың тыныштығы маңызды. Мемлекет басшысы, Үкімет тарапынан тиісті тапсырмалар келіп отыр. Енді біз осы берілген тапсырманы өз дәрежесінде орындауымыз қажет. Сенбі күні қаланың үлкен және әлеуметтік дүкендерін аралап көрдім, азық-түлік қоры жеткілікті. Түрғындар тұтынатын 19-дан аса өнімнің барлық түрі қамтылған, – деді облыс әкімі.

Сонымен қатар жиында облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Жақсылық Әбдусаметов облыстағы ахуалға тоқталып, қауіпсіздікке қатысты тыйымдарға бей жай қарамауға шақырды.

Медицина қызметкерлерімен жедел әрекет ету қағидалары, профилактика, дезинфекциялау режимін сақтау, жеке қорғаныш құралдарын қолдану шаралары бойынша оқу-жаттығу, семинар сабақтары өткізілді. Жаттығудан кейін медицина қызметкерлері анықтаған

кемшіліктер талқыланып, коронавирус туралы мәліметтер қайталан пысықталды. Аурудың алдын алу барысында емдеу-сауықтыру мекемелеріндегі қажетті қорғаныш құралдарының, дезинфекциялау заттарының, дәрілік препараттардың қоры туралы мәлімет жинақталып, мониторинг жүргізілуде. Жалпы, инфекцияны емдеуге байланысты аймақта дәрі-дәрмек қоры жеткілікті, – деді Ж.Әбдусаметов.

Отырыста облыстық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаменті басшысының орынбасары Әлия Әбдіқайымова аймақта алдын алу мақсатында тиісті шаралар қабылданып, шұғыл жағдайлардағы алгоритм бекітілгенін мәлімдеді.

Қазақстан Республикасында коронавирустық инфекциясының алдын алу шараларын одан әрі күшейту туралы Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 2020 жылғы

4 наурыздағы №12-П/Вр қаулысына сәйкес, COVID-19 жағдайлары тіркелген елдер үш санатқа бөлінеді. Жүктемеге байланысты осы елдерден ҚР-ға, соның ішінде облысқа келген адамдардың қатысты эпидемияға қарсы шаралар жүргізілуде. 24 ақпаннан бастап аталған санитар бойынша облысымызға келген 55 азамат 14 күнге оқшаулаумен карантинге орналастырылды. Бүгінгі күні 41 азамат оқшаулау карантинінен шығарылды, қалған 15 азаматқа бақылау жалғасуда, – деді Ә.Әбдіқайымова.

Жиыннан түйеніміздей, төтенше жағдайға байланысты үйлестіру жұмыстары жоғары дәрежеде жүргізілуде. Коронавирус инфекциясының алдын алу бойынша сақтық шаралары әлі де жалғасады. Ең бастысы – тұрғындардың COVID-19 инфекциясымен күресу шараларына салғырт қарамай, енгізілген шектеуге жауапкершілікпен қарағаны.

Коронавирусқа байланысты аймақта эпидемиологиялық ахуал тұрақты. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Жақсылық Әбдусаметов мәлімдеді.

Назерке САНИЯЗОВА, «Сыр бойы».

АЙМАҚТА АХУАЛ ТҰРАҚТЫ

20 ақпаннан бері инфекция бойынша қолайсыз мемлекеттерден келген 151 адамның 47-сі провизорлық станцияларда болып, ауру белгісі байқалмағандықтан өз елдеріне қайтты. Облыстық жұппалы аурулар ауруханасының бақылауында болған 10 адамның 9-ын дәрігерлер денсаулығынан кінәрат таппаған соң үйлеріне жіберді.

Ал Сербия азаматы ауруханада жатыр. Өйткені ол коронавирус анықталған азаматпен ұшақ бортында Германиядан бірге келген. Сәтін салып, тиісті зерттеу теріс нәтиже көрсетті. Сонда да талапқа сәйкес екі апта бойы біздің бақылауымызда болады, – деді Ж.Әбдусаметов.

Аймақ медицинасы бүгінде сақтық шараларын күшейтті. Ауру анықталған жағдайда науқасты емдеу, онымен қарым-қатынас жасаған адамдарды бақылау мақсатында қажетті орындар бұйымдары жеткілікті. Медициналық маска тапшылығының орнын тоқтыруға кіріскен жергілікті «DataTex» тігін фабрикасы азын-аулақ уақыт ішінде 10 мыңдай қорықтар қорғаныш құралын дориханаға өткізген.

Ең бастысы, арадам өзінің, отбасының денсаулығына жауапкершілікпен қарағаны жөн. Ауа арқылы тез таралатын аурудың алдын алу амалдарын орындауы тиіс. Олар – қолды әлсіз-әлсіз жуу, жеке бас гигиенасын сақтау, қоғамдық-көпшілік орындарға баруды қысқарту. Дертке негізін иммунитетті төмен адамдар, оның ішінде балалар мен қарт кісілер жиі шалдығады, – деді басқарма басшысы.

Елде төтенше жағдай жарияланған соң халықтың өмір қауіпсіздігін сақтау мақсатында жергілікті кәсіпкерлік объектілері, мәдениет және өнер, білім ұйымдарының жұмысына шектеу қойылды. Брифингте сала басшылары осы жөнінде айтып берді.

Аумағы 2 мың шаршы метрден асатын ірі сауда алаңдары халыққа таңғы сағат 10.00-ден кешкі сағат 18.00-ге дейін ғана қызмет көрсетеді. Ал біздің мұндай орындар саны 30-дан көп. Осы аралықта санитарлық қауіпсіздік талаптары қатаң сақталуы тиіс. Сауда орталығының аумағындағы кинотеатр, балалар орталығы, ойын-сауық алаңдары жабық. Азық-түлік сататын дүкен, супермаркет, базарлар қалыпты режимде жұмыс істей береді. Тек санитарлық дезинфекциялық шаралар күшейтіледі.

Қафелер үшін шекті уақыт түнгі сағат 10-ға дейін белгіленіп отыр, онда жиналатын адам саны 50-ден аспауы тиіс. Ал қазіргі күні өңірде 189 қоғамдық тамақтану орны бар. Той-томалақ өткізуге тыйым салынуына байланысты тойханалар жұмысына да шектеу қойылды, – деді облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасының басшысы Фердоуси Қожабергенов.

Қауіпті індеттің кең таралуы салдарынан мәдениет және өнер үйлерінің де есіктеріне «қызмет көрсету уақытша тоқтатылды» деген белгі ілінді. Ал оқушылар кешеден бастап каникулға шығып, студенттер онлайн оқу жүйесіне көшті. Каникул уақыты аяқталған соң, яғни 5 сәуірден кейін оқушылар да қашықтықтан білім алуы мүмкін.

Балалары балабақшаға баратын ата-аналарды алаңдатқан мәселеге байланысты облыстық білім басқармасы басшысының міндетін атқарушы Бағдат Бердәулетов:

Өңірдегі мектепке дейінгі 672 білім беру ұйымының 400-ден астамы – жекеменшік. Меншік нысанына қарамастан, келмеген балалардың орны сақталып, төлемақы шегеріледі, – деді.

АЗЫҚ-ТҮЛІК БАҒАСЫ ҚАЛЫШТЫ

Облыста әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру бойынша нақты шаралар атқарылуда. Статистикалық жедел ақпаратқа сүйенсек, аталған тауарлар индексі 99,9%-і құрап, облыстар бойынша ең төменгі үштікке еніп отыр. Ол еліміз бойынша 100,7%-і шамалайды.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының міндетін атқарушы Сейітбек Нұрымбетов өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте 2019-2020 жылғы маусымаралық кезеңге тұрақтандыру қорына барлығы 2212 тонна өнім сатып алынғаны жөнінде мәлім етті. Оның ішінде пияз – 300, сәбіз – 100, картоп – 718, ұн – 1000, макарон – 43, күнбағыс майы – 51 тоннаны құрайды. Бүгінгі күні тұрақтандыру қорында 1219,9 тонна өнім қалды. Өнімдер SMALL, «Қызылорда» сауда үйлері және 26 әлеуметтік дүкен арқылы тұтынушыға жол тартуда. Айта кетерлігі, картоптың келісі – 83, сәбіз – 82, пияз – 75, қант – 175, бірінші сортты ұн – 122, макарон өнімдері – 155, күнбағыс майы 340 тоннадан сатылуда.

Сонымен қатар, өзге де әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары «Байқоңыр» ӘКК, АҚ арқылы «Мирас», «Ажар» сауда үйлері және өзге де кәсіпкерлік нысандарында нарық бағасынан төмен бағада сатылуда.

Облыс бойынша азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру және қажетті қорын қалыптастыру бағытында нақты жұмыстар атқарылды. Атап айтқанда, оған қазына қазанынан 400 млн теңге қаралып, қосымша 3,5 мың тонна өнім сатып алу жоспарланып отыр. Жанадан сатып алынатын өнімдерді сақтау үшін қажетті орын жабықталған. Қазір 3250 тонна көкөніс сақтау қоймасы бар. Сондай-ақ, оған қоса 2000 тонна өнімді қабылдай алатын заманауи сондай қойма іске қосылды, – деді С.Нұрымбетов.

Ал «Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы мамандарының айтуынша, жыл басынан бері азық-түлік өнімдерінің қымбаттауына жол берілген жоқ. Бұл бағытта облыс бойынша тұрақтандыру қорының өнімдерін барлық ауданда автокөлік үстінен сату жұмыстары ұйымдастырылуда.

Еліміздің Ауыл шаруашылығы министрі Сапархан Омаров Қазақстанда азық-түлік қоры жеткілікті, жағдай тұрақты екенін хабарлаған болатын. Бұл бағытта күнделікті мониторинг жүргізілуде.

«СБ» ақпарат.



КОРОНАВИРУС: ҮШ КҮННІҢ ХРОНОЛОГИЯСЫ

Қазақстанда коронавирус жұқтырудың алғашқы деректері 13 наурызда тіркелді. Сол күні кешкісін Денсаулық сақтау министрлігінің баспасөз хатшысы Диас Ахметшәріп Қазақстанда коронавирус жұқтырған төртінші адамның тіркелгенін хабарлаған еді.

14 наурызда Семей денсаулық басқармасы Covid-19 күдігімен инфекциялық ауруханаға жатқызылған ОАР азаматынан коронавирус табылмағаны айтыл.

«Nur Otan» партиясы төрағасының бірінші орынбасары Бауыржан Байбек коронавирус індеті таралу қаупінің алдын алу үшін шектеу шараларының енгізілуіне байланысты партияның 2020 жылғы 18 наурызда белгіленген Саяси кеңесінің отырысын өткізу тоқтатылатынын хабарлады.

Бүгінде Алматыда үш зертханалық лабораторияда тест тапсыруға болады. Олар – Ұлттық сараптау орталығы, Қазақстан карантиндік инфекциялар ғылыми орталығы және Санитарлық-эпидемиологиялық сараптау ғылыми-зерттеу орталығы. Тест тегін жасалады. Оның қорытындысы тест тапсырғаннан кейін 3-4 сағат ішінде дайын болады.

Сенбі күні түске таяу Денсаулық сақтау министрлігінің баспасөз хатшысы Диас Ахметшәріп коронавирус жұқтырған тағы екі адамның анықталғанын хабарлады. Олар – Шығыс Еуропадан ұшып келген екі қазақстандық азамат.

Үкімет мүшелері баспасөз мәслихатын өткізіп, Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов балабақшалардың жұмыс істей беретінін, сондай-ақ, үйде жұмыс істейтін мұғалімдерге жалақы төленетініне тоқталды.

16 наурыз бен 5 сәуір аралығында оқушылар демалады. 5 сәуірден кейін қажеттілік болған жағдайда қашықтықтан оқытуға көшеді. Мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұлова концерттер, мәдени шаралар тоқтатылғанын айтты. Бұған дейін билет алған азаматтар оны қассаға, алған жеріне тапсырып, ақшасын қайтара алады. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің төрағасы

Ербол Нұрғалиевтің айтуынша, медициналық мекемеге, үйге карантинге алынған барлық жұмысшыларға еңбекке уақытша жарамсыздық қағазы беріледі.

Сондай-ақ, Денсаулық сақтау министрлігі 10-12 наурызда Франкфурт, Мәскеу және Варшавадан ұшып келген жолаушыларға үндеу жасап, олардың 1406 не 103 номерлері арқылы хабарласуы сұралды. Себебі – олар ұшып келген ұшақтарда коронавирус жұқтырған азаматтар болған.

Ішкі істер министрі Ерлан Тұрғымбаев қазақстандық полицияның ерекше қызмет режиміне көшкенін хабарлады. Төртінші шаралары күшейтіліп, полиция мен Ұлттық гвардияның жауапкершіліктері көбейген. Сонымен қатар, стратегиялық және ерекше маңызы бар мемлекеттік нысандардың қауіпсіздігі күшейтілгені белгілі болды. Көп адамның қатысуымен

өтетін кездесулер мен шаралар тоқтатылып, қызметкерлердің шетелге қызметтік іссапарға шығуы шектелген.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Twitter желісінде қазақстандықтарды сабырлық танытып, жеке гигиенаны сақтауға шақырды. «Өкінішке қарай, коронавирус Қазақстанды да айналып өтпеді. Үкімет пен әкімдер өзіндік және шетел азаматтарының қауіпсіздігі үшін айрықша шаралар қабылдауда. Жағдай толық бақылауда. Сабырлық танытып, жеке гигиенаны сақтау қажет. Арандатушылар жазаланады» деп жазды ол Twitter желісінде.

15 наурыз күні Денсаулық сақтау министрі Елжан Біртанов Қазақстанда коронавирус жұқтырғандардың саны 8-ге жеткенін мәлім етті.

Ақорданың баспасөз қызметі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстанда төтенше жағдай

жариялау туралы қаулы қабылдағанын хабарлады. Төтенше жағдай 2020 жылғы 16 наурыздағы 08.00-ден 15 сәуірдегі 07.00-ге дейін енгізілді. Қаулыға сәйкес Үкіметке резервтен қажетті қаражат бөлу, адамдардың жауапкершілігін күшейту шараларын атқару, орталық және жергілікті мемлекеттік органдармен бірлесіп, осы жарлықты іске асыру жөнінде өзге де шараларды қабылдау тапсырылды. Келесі нысандардың жұмысына шектеу қойылды: ірі сауда нысандары, сауда ойын-сауық орталықтары, кинотеатр, театр, қорықтар, адамдар көп жиналатын өзге нысандар.

Сауда және интеграция министрлігіндегілердің айтуынша, төтенше жағдай талаптарына сәйкес, азық-түлік дүкендері мен базарлар өз жұмысын жалғастырады. Министрлік «Азық-түлік және азық-түліктен басқа заттарды сататын шағын дүкендер, сондай-ақ сауда ойын-сауық орталығынан тыс жерде орналасқан шағын және орта бизнес сауда нысандары иелерінің қалауы бойынша жұмыс істей берсін» дейді. Дүкендер мен базарлардың жұмыс уақытын қысқарту жөнінде шешімді қала және өңір әкімі қабылдайды.

Алматы полиция департаментінің мәліметіне қарағанда, Алматыда коронавирус жұқтырған әйелге қатысты қылмыстық іс қозғалған. Себебі – ол санитарлық қызмет жұмысына келергі келтіріп, вирус жұқтырғаннан кейін өзімен байланыста болған адамдардың мәліметтерін беруден аңдып баса тартқан. Егер әйел айыпты деп танылса, 4 мың АЕК мөлшерінде айыппұл салынуы мүмкін.

Сол күні кешкісін Денсаулық сақтау министрлігі Германиядан ұшып келген 2008 жылғы қыздың коронавирус жұқтырғанын хабарлады. Осымен Қазақстанда коронавирус жұқтырғандардың саны 9-ға жетті.

Кешеден бастап елімізде төтенше жағдай жарияланды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев осы жағдайға орай халыққа үндеу жолдады.

Кеше кешкісін Денсаулық сақтау министрлігі кесел жұқтырған адам саны 10-ға жеткенін мәлімдеді.

ЖАНА КОРОНАВИРУС

COVID-19 КӨПТЕГЕН АДАМДАР КОРОНАВИРУС АУРУСЫ ЖӨНІНДЕ БІЛМЕЙДІ

- Коронавирус – ол қандай ауру?
- Коронавирустар – бұл жануарлар мен адамдар арасында таралған вирустардың үлкен отбасы.
- 2019 жылы жаңа коронавирус ауруы (COVID-19) – Қытайда, Ухань қаласында, алғаш рет анықталған респираторлық ауру. Хабарламалар бойынша, Уханьда емделушілердің көбі Қытай теңіз өңірі мен жануарлардың ірі нарығымен байланыста болған науқастар себепші болды. Бұл адамның адамға таралатын ауру.
- Денсаулық сақтау министрлігі мен Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы Қазақстан Республикасында вирусты алдын алу бойынша жұмыс істеуде.

АУРУДЫҢ БЕЛГІЛЕРІ ҚАНДАЙ?

- Жетел
- Температураның көтерілуі
- Енгізу
- Тыныс алу қиындауы
- Құсу
- Диарея

COVID-19 ВИРУСЫНЫҢ ЕМІ БАР МА? Қазіргі таңда арнайы ем жоқ. Ауру жағдайды тіркелген елдерде симптоматикалық емдеу жүргізіледі.

COVID-19 АДАМНАН АДАМҒА ҚАЛАЙ БЕРІЛЕДІ? COVID-19 коронавирусы тұмау сияқты:

1. Тығыз қарым-қатынас
2. Тығыз қарым-қатынас
3. Тығыз қарым-қатынас

COVID-19 ВАКЦИНАСЫ БАР МА? ВАКЦИНА ЖОҚ. Әзірге вакцина әзірленбеген.

www.hls.kz



«БАҚЫТТЫ ОТБАСЫНЫҢ» ЕКІНШІ КЕЗЕҢІ

Елімізде «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» «Бақытты отбасы» бағдарламасының екінші кезеңін іске қосты. Аталған бағдарлама бойынша қызылордалық 197 отбасы баспана мәселесін шешті. Оған қоса тағы 14 отбасы несие бойынша мақұлдау алып, болашақ тұрғын үйін іздетіруде.

Баспана мәселесі шешілген тұрғындардың 85-і көпбалалы, 91-і толық емес, 21-і мүмкіндігі шектеулі бала тәрбиелеп отырған отбасылар. Быыл олар үшін бюджет тарапынан бөлінетін лимит мөлшері екі есеге ұлғайтылды. Бұл бағытта қаралған қаржы көлемі 100 млрд теңгені құрайды. Бағдарлама бойынша несиелік өтімдер 12 наурыздан бастап қабылданады.

Негізгі мақсат – елімізде әрбір отбасының баспаналы болуын қамтамасыз ету. Бұл ойымыз толық орындалып келеді. Елімізде бағдарламаға қатысқан отбасыларда 14 мыңға жуық бала тәрбиеленіп отыр. Бүгінде олардың әрбірінің жеке бөлмелері бар, онда сабағына дайындалып, ойын ойнай алады. Сондықтан әлеуметтік маңызды зор бағдарламаны жалғастыруға ман беріліп отыр. Оның несие беру шарттары да толықтай сақталған. Бұрынғыдай 10 проценттік бастапқы жарнасы бар, займ мөлшерлемесі 2 процентті құрайды. Быылғы өзгеріс ең жоғары табыс көлемі бойын-

ша енгізілген. Енді ол күн-көріс минимумының мөлшеріне сәйкес есептеледі, – деді шектеулі бала тәрбиелеп отырған отбасылар. Быыл олар үшін бюджет тарапынан бөлінетін лимит мөлшері екі есеге ұлғайтылды. Бұл бағытта қаралған қаржы көлемі 100 млрд теңгені құрайды. Бағдарлама бойынша несиелік өтімдер 12 наурыздан бастап қабылданады.

Негізгі мақсат – елімізде әрбір отбасының баспаналы болуын қамтамасыз ету. Бұл ойымыз толық орындалып келеді. Елімізде бағдарламаға қатысқан отбасыларда 14 мыңға жуық бала тәрбиеленіп отыр. Бүгінде олардың әрбірінің жеке бөлмелері бар, онда сабағына дайындалып, ойын ойнай алады. Сондықтан әлеуметтік маңызды зор бағдарламаны жалғастыруға ман беріліп отыр. Оның несие беру шарттары да толықтай сақталған. Бұрынғыдай 10 проценттік бастапқы жарнасы бар, займ мөлшерлемесі 2 процентті құрайды. Быылғы өзгеріс ең жоғары табыс көлемі бойын-

«СБ» ақпарат.

ГАЗЕТ ПОШТАСЫНАН

АУЫЛСЫЗ ҚАЛА ӨСПЕЙДІ



Менің қолыма қалам алуыма жуырда бір республикалық басшылар жарияланған мақала себепші болды. Онда «ауылдың келешегі жоқ» дегендей пікір айтылған. Сол үшін ауыл туралы жазуға мәжбүр болдым.

Бізді 1974 жылы Иіркөл (тоған шаруашылығы) елді мекеніне көшіріп әкелді. Тоған шаруашылығын қолдан тұрғызып, балық өсіре бастадық. Қаланы, дүкендерді тірі балықпен қамтамасыз еттік. Сол уақытта балық маманы (рыбовод) болып істедім. Арал теңізінен балықшылар көшіріп әкеліп, қысы-жазы қаланың әр дүкеніне балық жібердік. Өзіміз қолдан балық өсірдік. Ауыл көркейді, онжылдық мектеп болды. Жұмыс көзі жетерлік еді, мал ұстадық, бақша ектік, халық тұрмысы жақсарды. Кейін ауыл тұрғындары қалаға көше бастады. Жастарға жұмыс болмауынан қазір онда 20 шақты үй тұрады. Кәсібі – мал бағады. Қасында «Абзал и К» компаниясы күрші, жоңышқа егеді, сонда жұмыс істейді.

Менің бір балам сол ауылда тұрады, мал бағады. Айтайын дегенім, ауылдың келешегі жок деген дұрыс емес. Бір мысал келтірейін. Келінім, 5 баланың анасы Аяғөз Ақжолова қалада Өндіріс көшесі №26 үйде тұрады. Өр аптаның жұма күні ауылға барып, сиыр сауып келеді. Сол сауған сүтін көшіріп өткізеді. Мамыр айының аяғында балалары оқудан босаған соң, ауылға көшіп барады. Онда үйіміз бар. Сонда қыркүйекке дейін отырып, күніне 40-50 сиыр сауады. Сүтті айран, ірімшік, құрт, сүзбеге айналдырып, өзі тұратын көшеге әкеледі. Көшемздің тұрғындары өте риза. Қолдың сүті. Бағасы да қонымды.

Айтайын дегенім, ауыл адамдары бар тапқанын қалаға әкеледі. Ауылсыз қала өспейді. Мен сол жердің үлкенімін. 1938 жылы туғанмын. Онда 4 арлагер тұрамыз. Қаладан небәрі 30 шақырым. Соңғы жылдары жолымызды асфальттап берген. «Ауылдың келешегі жоқ» дегенді айтқан адам ауылға барып көрді ме екен?

Темірбек ИХЛАСОВ, елбек ардагері.

БІРІНШІ БАСШЫ ЖАУАПТЫ

Заң жобасына сәйкес қол астындағы қызметкер жемқорлық жасама, бірінші басшы да жауапқа тартылады. Осы мәселенің жай-жапсарын ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің облыс бойынша департаментінің басшысы Нұрман Талқанбаев өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте тарқатып айтты.

Мәлімді ҚАЛЫМБЕТ, «Сыр бойы».

Департамент басшысы «ҚР мемлекеттік қызметі туралы» Заңының ережелерінде қызметтен кетудің тәртібін айқындайтын нақты вертикаль белгіленгеніне тоқталды. – Жемқорлыққа қарсы күрестің жана кезеңі бастау алды десе болады. Енді қандай да бір қызметкердің бармақ басты, көз қыстылық іске қатысы бары анықталса, мемлекеттік орган басшысы отставкаға кетеді. Ол өткен жылдың 10 желтоқсанынан кейін сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған қызметкерлердің басшыларына және саяси қызметкерлерге



қолданылады. Мемлекеттік саяси қызметшілер, егер олар тағайындалған күннен бастап үш ай өткеннен кейін сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған жағдайда отставкаға беріледі. Осы лауазымды тұлғаның кінәлі болуы немесе болмауына қарамастан отставкаға беру талаптары міндетті болып табылады. Саяси қызметшілер соттың айыптау үкімі заңды күшіне енгеннен кейін немесе сот әлде қылмыстық қудалау органы қылмыстық істі ҚР Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 35-бабы

бірінші бөлігінің және 36-бабы негізінде қысқартқан соң он күнтізбелік күн ішінде отставкаға беріледі, – деді Нұрман Талқанбаев. Сонымен қатар спикер мемлекеттік қызметтегі гендерлік теңдіктің сақталу мәселесін де баяндады. Республика бойынша мемлекеттік қызметшілердің нақты саны қазір 89 005 адамды құрайды екен. Оның ішінде 49 584-і әйелдер, олардың 9521-і – басшылық лауазымда. Ал, аймақтағы көрсеткіш 45,8 процентті құрап отыр.

ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСАП ЖҮРЕЙІК!



Желіде алуан түрлі ақпарат бар. Әйтеуір тіршіліктің сан тарау соқпағы осында. Десе де, осы әлеуметтік желіде жаңға жылулық сыйлайтын ақпараттар да кездеседі.

Жақында «Facebook» желісінде ой сазарлық оқиғаны көзім шалды. Онда облыстық еріктілік штабының мүшелері тұл ардагеріне көмек қолын соғғаны жайлы баяндалған. Былай қарасаңыз, таңғаларлық дүние емес. Жас буынның аға буына деген құрметі. Алайда, осының өзі мейірімді болып, мейірімге бөлеу деген асыл қасиеттердің әлі де өшпегенін көрсетеді. Әсіресе, жастарда. Әсемқұл Нұрхабаева – 97 жастағы тұл ардагері. Ел аман-

дығы үшін аянбай тер төккен оның ерлігі бүгінгі бейбіт күннің кепілі десек, артық айтқандығымыз емес. Мұны «Үлкенді сыйлау – ұлылық» деп білетін жастар да қаперден шығармайды. Олар жуырда ақ жаулықты әжеге қолғабыс етуге барып, ардагердің өнегелі өсиетін тыңдап, ақ батасын аркалап қайтқан. Алған әсерлері бөлек және осы шараны енді дәстүрге айналдырмақ ниетте екен. Осындайда ынтымағы жарасқан жастардың алар асуы

мол дегенге келіспесе болмайды.

Иә, қайырымды болу, қол ұшын созу, асарлау – біздің қанға сіңген қасиет. Осы дәстүрімізді өз денгейінде ұлықтай білетін жастардың өсіп келе жатқаны да қуанышты еселейді. Оның үстіне басы ашық дүние бар: ниеті түзу, жақсылыққа жаны құмар пенденің қашанда қолдаушысы күшті. Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарымыздың өзі «Қайсыбір мұсылман бауырына көмектесе, Алла оған жәрдемші» деген екен. Жақсылық жасап жүрейік!

М.СНАДИНҚЫЗЫ.

Қызылорда облысының уәкілетті тұлғалары туралы ақпарат

Орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардағы азаматтық қоғам институттарымен өзара іс-қимыл жөніндегі уәкілетті тұлғалардың тізімі

№	Мемлекеттік органдардың тізімі	Т.А.Ә.	Лауазымы
1	Қызылорда облысы әкімінің аппараты	Байқаламов Наурызбай Сейтқалиұлы	Облыс әкімінің орынбасары
2	Қызылорда облысының білім басқармасы	Бердаулетов Бағдат Камбузұлы	Басқарма басшысының орынбасары
3	Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы	Жеткерұлы Ержанның	Басқарма басшысының орынбасары
4	Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы	Оспанов Жаксылық Абдималикович	Басқарма басшысының орынбасары
5	Қызылорда облысының жастар саясат мәселесі басқармасы	Жанұзақов Қуаныш Қунатканулы	Басқарма басшысы
6	Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасы	Әбділдаев Қуаныш Әбділдаұлы	Басқарма басшысының орынбасары
7	Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы	Шүкірова Анарқұл Алиевна	Басқарма басшысының орынбасары
8	Қызылорда қаласының әкімдігі	Қазбекова Мира Жомартқызы	Қала әкімінің орынбасары
9	Арал ауданының әкімдігі	Жұрмағұлов Бектемір Улыбекұлы	Арал ауданы әкімінің орынбасары
10	Қазалы ауданының әкімдігі	Жарылқағанов Әлімжан Мұратбайұлы	Қазалы ауданы әкімінің орынбасары
11	Қармақшы ауданы әкімдігі	Омаров Жарқын Тұрмаханұлы	Қармақшы аудан әкімінің орынбасары
12	Жалағаш ауданының әкімдігі	Тажмаханов Жағыпар Айтбайұлы	Жалағаш ауданы әкімінің орынбасары
13	Сырдария ауданының әкімдігі	Байдушев Димаш Серікбайұлы	Сырдария аудан әкімінің орынбасары
14	Шиели ауданының әкімдігі	Ысмағұлов Болатбек Әбулхайырұлы	Шиели ауданы әкімінің орынбасары
15	Жаңақорған ауданының әкімдігі	Сопбеков Ғалымжан Жарқынбекұлы	Жаңақорған аудан әкімінің орынбасары

МФО «ЭВЕРЕСТ ФИНАНС»

- ШАҒЫН НЕСИЕ
- ✓ зейнеткерлер мен (78 жасқа дейін) жұмыс істейтіндерге
- ✓ 5 000 теңгеден 400 000 теңгеге дейін кепілдіксіз
- ✓ екі аптадан алты жылға дейін
- ✓ 15 минутта!
- ✓ жоғары несиелік ауыртпалығы және нашар несиелік тарихы бар қарыз алушыларға!

ЗЕЙНЕТКЕРЛЕРГЕ ЖЕҢІЛДІКТЕР!

Қызылорда қ., "Принт" баспаханға ғимараты, Байтұрсыннов к-сі, 49, 2 қабат, 3 кеңсе (№3 гимназияға қарама-қарсы) тел. 8(7242) 92 52 25, 8708 363 59 45

ҚР Ұлттық Банкінен ЖәКЗ01vq0000355 лицензиясы берілген

Діни сауаттылық – қоғам қауіпсіздігі

Дін саласы – өте күрделі әрі нәзік тақырып. Сондықтан аймақтағы БАҚ-тарда Ораза айт, Құрбан айт сияқты діни мерекелердің қарсаңында ғана бірді-екілі ақпараттар болмаса, дін тақырыбын терең талдаған мақалалар кездесе бермейтіні рас.

Ғазиза ӘБІЛЛА, «Сыр бойы».

Дегенмен әлеуметтік желілердегі деструктивті діни ағымдардың теріс пайғалды насихаттарынан жастарды қорғау, жалпы қоғамда осы мәселенің алдын алуда ақпарат құралдарының орны ерекше. Осыған орай облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Т.Махановтың бастамасымен аймақта дін саласындағы журналистер пулы құрылған еді. Ондағы мақсат – аймақтағы БАҚ саласының қызметкерлері мамандармен бірлесіп, мемлекеттің дін саласындағы саясатын халыққа кеңірек насихаттау болатын.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, облыстық ішкі саясат басқармасының Дін мәселелерін зерттеу орталығының ұйымдастыруымен «Дин экстремизм мен терроризмнің алдын алуда әлеуметтік желілер мен БАҚ-тардағы ақпараттың маңыздылығы» тақырыбында семинар-тренинг өтті.

Өңір журналистеріне, блоггерлерге және теологтарға арналған шарда Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры, философия ғылымдарының кандидаты Жалғас Сандыбаев, «Kazislam» ақпараттық-ағартушылық интернет порталының бас редакторы Саясат Идиятұлы «Дін мәселелері тақырыбында БАҚ-тарда ақпарат жариялау этикасы» туралы баяндады. Өңір ақпараттың артында зор жауапкершілік тұрғанын, сол себепті діни тақырыптағы ақпараттарды дайындауда немесе өзге сайттардан көшіріп басуда өте мұқият болу қажеттігін айтты. Анық-қанығына көз жеткізбей, асығыс берілген мәліметті соны көп қиындықтарға душар ететінін еске салды. Сондай-ақ, терминдерді пайдалануда қазақ тіліне қиянат жасалмауы керек екенін де айтты өтті.

«Ақмешіт-Сырдария» мешітінің бас имамы Болатбек Әбуов те тақырып төңірегінде ой-пікірін ортаға салды. Дәл қазіргі ақпарат ағыны толассыз кезеңде қоғамдағы осындай өзекті мәселелерді көтеріп, халықты шынайы әрі нақты ақпараттармен қамтамасыз етуде БАҚ өкілдерінің орны ерекше екенін айтқан бас имам әрдайым бірлесу жұмыс жасауға мүдделі екенін жеткізді.

Жиын соңында семинарға қатысушылар дәріскерлерге сауалдарын қойып, өз пікірлерін ортаға салды. Жиынды облыстық ішкі саясат басқармасының Дін мәселелерін зерттеу орталығының басшысы Бақытжан Камалов жүргізді.

Хабарламалар

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 ж. 28.06 №204-ө бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша нұсқаулықтың» 53-тармағына сәйкес «Көлжан» ЖШС (20-20-03) «Солтүстік-Батыс Қызылқия кенішіндегі №№102, 118, 240 ұңғымаларына кірме автожолдар» жобасы бойынша қоғамдық пікірді тіркеу үшін жазбаша ұсыныстар мен ескертулерді қабылдайды. Жазбаша ұсыныстар мен ескертулер Қызылорда қаласы, Казбек би к., 13 мекенжайында және zhomart.murzabekov@retokazakhstan.com; электронды поштасы арқылы қабылданады. Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-92-11.

«Көлжан» ЖШС 2007 жылғы 9 қантардағы №212-III Қазақстан Республикасының Экология Кодексінің 57-ші бабының талаптарына сәйкес (20-20-01) «Солтүстік-Батыс Қызылқия кенішінде мұнай жинау жүйесі. №№102, 118, 119, 240 ұңғымаларының аралық құбырлар тарту» жоба жөніндегі құжаттаманың мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды. Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезеңінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі. Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-91-92.

240 ұңғымаларын электрмен жабдықтау жоба жөніндегі құжаттаманың мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды. Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезеңінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі. Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-91-92.

«Көлжан» ЖШС 2007 жылғы 9 қантардағы №212-III Қазақстан Республикасының Экология Кодексінің 57-ші бабының талаптарына сәйкес (20-20-01) «Солтүстік-Батыс Қызылқия кенішінде мұнай жинау жүйесі. №№102, 118, 119, 240 ұңғымаларының аралық құбырлар тарту» жоба жөніндегі құжаттаманың мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды. Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезеңінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі. Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-91-92.



Көшеттің көптігі емес, көктегені керек

Біздің аймақта жылына 200 мың көшет егіледі-мыс. Бірақ, осы қағаз жүзінде ғана жайт қалған дүние секілді емес пе? Сандық көрсеткішке сенімсіздік бар. Бәлкім, егілген де болар, бірақ сол көшеттер шықса, талай төңірек көркейер еді ғой. Көшеттің көктемгеуіне не себеп?

СБ Ержан ҚОЖАСОВ, «Сыр бойы».

Ташкентте туған Бектай ақсақалды білмейтін қызылордалықтар кемде-кем шығар. Әсіресе, көктем салым осы шынашақтай шалды іздеушілер көбейіп кетеді. Айтпақшы, ол Ташкентте туғанымен бала күнінде бір түн ішінде белгісіз себеппен 80 шақты үй Шардараға қоныс аударған еді. Одан бергі бағбан Бектайдың оқу бітіріп, мамандықпен жұмыс жасап, тұрақтанған жері Сыр бойы екенін өзінен естіп білдік.

– Алматы ауылшаруашылық институтының орман шаруашылығы бөлімін бітірген соң, жолдамамен Терезекке келіп, Жаналария орман шаруашылығы мекемесінде жұмысты бастадық қой. Содан бері тал егу, көшет отырғызу мәселесімен айналысып келемін, – дейді ол.

Өз саласында бірнеше ғылыми мақала жазған ақсақал көшеттің түр-түрімен зейнетке шыққан соң шындап айналасы керек. Белгілі ғалым, профессор Петр Бесчелновка жас күнінен шәкірт болған бағбан калифорниялық теректің (америкалық терек пен Қазақстан жеріндегі теректі алғаш бұданастыра) алғаш Сыр бойына әкелуіне көп еңбек сіңірген. Сексеуілді тұқыммен егуді ұйымдастырып, орман шаруашылығы тақырыбында көптеген мақалалары шет ел басшыларында шығыпты.

– 90-жылдардан бері «Бағбан» шаруа кооперативі ашып, көшет өсіру, жеміс-жидек талын отырғызу жағынан пионерлік қолға алдық. Ағаш тұқымдарын қалай өсіру керектігі, жеміс талдарындағы зиянкестерді улау, күтім-баптау сияқты жасымнан үйренген тәжірибемді пайдалана бастадым. Мені таң қалдыратыны, неге екені белгісіз. Қызылорда жеріне әбден үйренген кара ағаштан қанашым біз. Ол – жоқ дегенде, отыз жылдан әрі өмір сүретін тал. Әрі үлкен, саялы. Ақ терек,



көк терекке үйірміз. Ол біздің жергілікті жерге тиімсіз, үш-төрт жылға жетпей басынан қурап өле бастайды. Әсіресе, ақ терек сондай. Ол Өзбекстан, мына Шымкентте жақсы өседі, – дейді Бектай ақсақал.

Тұрғындардың көбісі Бектай ата өсіретін калифорниялық теректі алады. Суыққа төзімді талды 3-4 жылда бес метрге дейін ұзартуға мүмкіндік бар. Сондай-ақ жеміс көшеттері де қолдан-қолға тиімді. Неге? Өйткені, ақсақал базардағыдай көшетті жай бере салмай, оның егу технологиясын түсіндіріп әлек.

– Тұқымнан да өсіремін, қаламша дейміз, талдың бұтағынан да көшет дайындап жүрмін. Кара күзде жыл бойы жинаған алма, өріктің тұқымын дайындалған жерге сеуіп тастайсың. Одан жыпырлап, мыңдаған дана көшет шығады. Оны арнайылап жеке-жеке өсіресің. Сол дайындаған көшеттің 3 жылда қайта жеміс беруге жарайды, – дейді бағбан қария.

Ақсақал жеміс ағаштарының көшетін 500 теңгеден, ал тал көшеттерін 80-150 теңге аралығында сатып отыр. Бір жылда 3-4 мың жеміс, теректен 15 мың көшет дайындап, кара ағаштан қанша көшет керек болса да тауып береді. Біз кара базардағы көшет жайын сұрағанбыз.

Құлпынай, қызанақ, қияр, хош иісті гүлдердің кейбір түрлерін етіп көрдім. Тұқымдарын интернет арқылы алдырамын. Басында ештеңе шықпай, көңілім қалды. Ғаламтордың көмегіне жүгінуге тура келді, ютубтағы роликтерге сүйендім. Көргенімді бұлжытпай жасап,

– Көшет отырғызудың түрлі әдіс-тәсілдері бар. Біз базардың көшетін пайдаланамыз. Шықпай қалса, тағы ренжиміз. Оның себебін көзбен көріп барып айту керек. Базарға келген көшеттің неше күнде келгенін білмейміз ғой. Қандай күтіммен сақталғанын, қалай, қайда өсіргенін, жолда үсік шалды ма, ол жағы да беймәлім. Сондай-ақ, жас көшетке тынайтқыш ретінде өлмеген, жас қиды пайдаланамыз. Өлгені деп отырғанымыз, әбден шіріген, 4-5 жылдық қи. Біз жас қиды көшет түбіне саламыз, ол жаз ортасы шілдеде қызды. Қызған қи өсіп тұрған көшеттің тамырын қиядқа. Көгеріп тұрған талын әл-сәтте қылжығанын сол кезде бірақ көресің. Сосын қиды бетіне салу қажет. Сонда оның сөлі сумен бірге топыраққа шөгіп, тамырға барады. Ал біз керісінше қиды асты жаба саламыз, – дейді сала маманы.

Байкенеж Ахмедовтың айтуынша, көктемде талдарды әкту деген түсінік қате. Ғылымда оған тыйым салынған. Ол тірі организмге у жағумен тең. Жас талды өкпеп қою – оны улау деген сөз.

Сонымен көктем кіре сала мен аудан төңірегінде ашық сенбіліктер ұйымдастырылып, көшет отырғызу науқаны басталады. Екі күрек топырақты аршы салып, жас шыбықты қақтып қоюды кім-кімде біледі емес пе?! Мақала басында айтылғандай, бүгінде осы күнге дейін пәлен мың «шыбық шапшығандардың» еңбегі біз айтпай-ақ еш кеткені анық көзге бақырайып тұр. Бізге керекті, көшеттің көптеп отырғызылуы емес, көптеп көктеуі ғана. Өйтпесе, арқ жағалай отырғызған ақ теректің де, кара талдың да күтімі болмаса, көгермесі хак. Мұндайда тал етіп терленгендердің тәжірибесіне сүйеніп, жер бабын таба білгендердің ақылна сүйенген де артықтық етпейді. Сападан гөрі санды айқайлап айтқаннан ұтқанымыз шамалы. «Атадан мал қалғанша, тал қалсын» деген ғибратты сөз өміршеңдігімен қалу керек шығар.

Суретті түсірген **Нұрболат НУРЖАУБАЙ.**

ЖЕҢІС – 75

Мен Сталинград шайқасына қатысқан, қырғын соғыстан ауыр жараланып, мүтедек болып тұз-дөмі таусылмай елге оралған майдангердің баласымын. Сондықтан соғыс тақырыбында газет бетіне жарияланған дүниелер өте ыстық. Ал олардың кейіпкерлері – батыр, қасиетті, қастерлі. Олар Отан-Анаға берген атына адал болды, жандарын құрбан етті. Патриотизм мен батырлықтың, ерліктің үлгісін көрсетті. Еліміздің азаттығы мен бостандығын сақтап қалды.

Еленбей қалған ерлік

1967 жылы «Лениншіл жас» газетінде гвардия подполковнигі Петр Иванович Серовтың «Батыр Мұса» деген шағын мақаласы шыққан. Редакция Белоруссияда тұратын авторға хат жолдаған. Көп ұзамай ол кісіден «За победу» атты майдан газетінің 1945 жылғы 1 мамырында Мұса Рыскелдиев туралы шыққан мақаласының қиындысы бар хат келген. Ондағы оқиға Мұсаның қандықойлек қаруласы Федор Баевтің көзімен былай баяндалады.

– Артиллерия шабуылынан кейін биіктіктегі жау бекінісіндегі бірнеше атыс ұяларының үні өшті. Бірақ кейбіреулері жойылмады. Олар біздің жауынгерлерге қатерлі қауіп төндірді. Мұсаның оқ тасушы жауынгері жараланып қалды. Барлық гранаталар мен оқтаулы дискілерді қапшығына салып алған жас қазақ жігіті жан-жағына бағдарлап қарады. Екінші, үшінші взводтар төбелі оң мен солды айналып өтіп, жай жылжып барады. Кенет жау оғы оларды жерге жабыстыра түсті. Мұса тісін шықыратып жау жағына пулемет оғын жаңбырша жаудырды. Осы сәтте сол жақтан күшті атыс даусын байқап қалды. Бетондалған пулемет оғы болса керек. Осы байқағаны Федор Баевқа хабарлаған. Оң жақ қанаттан да күшті атыс үясы көзге шалынған.

– Аналарды жоюға әрекет етсек қайтеді, Мұса! Өйтпесе олар бізді құрғайды ғой, – дейді Баев.

– Сөйтү керек. Биіктікті біздің алуымыз оңайға түседі, – дейді бұл.

Баев бөлімше жауынгерлеріне өздерін қорғауды тапсырып, өзі оң жақ қанатпен, ал Мұса сол жақ қанаттағы атыс ұяларын бетке алып еңбектей жөнелді. Фашистер байқап қалып оқты қарша боратады. Мұса бір-екі минут қимылсыз жатып, тағы да алға жылжиды. Жауың атыс ұясына 20-25 метрдей қалғанда Мұса қарсы алдындағы бетондалған дзотка екі гранатаны лақтырып үлгерді. Олар сәл жетпей жарылады да, жау пулеметшісі бірнеше секундқа кідіріп табыды. Соны пайдаланып, Мұса атыс ұясына төрт-бес метр жетіп үлгерді. Тағы екі гранатаны лақтырғанда олар дәл атыс ұясына түсіп гүре етіп, оқ себелеп тұрған талдың үнін өшіреді. Мұса тағы бір атыс ұясының көзін жояды. Өзіне автомат кезенген фритті атып тастайды. Траншеяның бұрылыс жолымен жүгіріп келе жатады, оншақты фритті көреді. Олардың өзіне тақалып келуін күтіп қимылсыз тұрып қалады. Жау әскері Мұсаға бас салған кезде, аяғының астына соңғы гранатасын тастап жібереді. Атыс біткесін сержант Федор Баев қаруласы Мұсаны іздеп табады. Санитар оның жарасын таңып жатыр екен. Мұсаның қан тамыры оңең соғады.

– Мұса, қымбаттым, көзіңді ашшы! Мен Баевпын ғой, – деп айқайлайды.

Ол болар-болмас үн қатып: – Командирге айт, мен жауынгерлік тапсырманы орындадым, – деп мәңгілікке көз жұмады. Ол бұған дейін де ерлігімен бірнеше рет көзге түскен екен.

П.Серов «За победу» майдан газетіне 1945 жылдың мамырында Мұ-

санын осы ерлігі жайлы «Партиялық тапсырма» деген мақала жазған. Сол кездегі газет редакторының орынбасары. Кейін Қазақстандағы Жаңақорған ауданының №167 «Жаңа арқ» орта мектебіне хат жазған. Сонымен қатар Брянск қаласындағы «Подвиг» клубының қызылшілері сұрау салып хаттар жазған. Онда Мұса 4-Бейжытская девизиясының құрамында болғаны, асқан ерлік жасағаны айтылған. Мұндай хаттар бұрын да Мұсаның туған-туысқандарының атына жіберілген. Бірақ мекен-жайы дұрыс болмай, қайтып өздеріне келе берген. 1967 жылдан бастап Мұса Рыскелдиев жайлы жан-жақты зерттеу жұмыстарын жүргізіп, Кеңес Одағы кезінде Мәскеудегі ГИР елшілігі, Брянск қаласындағы «Подвиг» клубының қызылшілері КСРО Қорғаныс министрлігіне дейін хат жазып, нақты деректер жинаған.

Осының негізінде Жаңақорған аудандық атқару комитетіне Мұса Рыскелдиевтің атына көше беруді сұрағанда, ондағылар «Бұл кісінің нақты анықтайтын құжат жоқ» деп бекітпей тастаған, деп жазды дерек-бес зейнеткер Сүлеймен Мырзаев өзінің 8 мамыр 2004 жылғы «Белгісіз батыр» деген «Егемен Қазақстан» газетіндегі мақаласында. Іздеушілер КСРО Қорғаныс министрлігінің орталық мұрағатына сұрау хат жолдаған. Кешікпей басқарма бастығы, генерал-лейтенант Куприяновтан жауап хат келген. Ол хатта Мұса 4-Бейжытская девизиясының 220 атқыштар полкінің бөлімше командирі болғандығын, 1945 жылдың 10 наурызында ерлікпен қаза тапқандығын, Армия командасының №0176 бұйрығымен «Қызыл жұлдыз» орденімен наградталғанын хабарлаған. Ол Германияның Франкфуртка жақын жердегі бауырластық зиратында жерленгенін жазған. Бұл деректер сол кездегі Мұсаның қарындастары Куплан мен Гүлдарға хабардар етілген. Өкініштісі, сол қарындастарының фамилиялары күйеулерінің атында болғандықтан оларға Мұса Рыскелдиевтің «Қызыл жұлдыз» ордені тапсырылмаған.

Міне, содан бері 75 жыл өтті. Соғыстың аяқталуына санаулы күндер қалғанда ерлікпен жаны қиылған Мұсаға тағдыр жарық дүниеде миллиондаған кеңес жауынгерлері сияқты фашизмнің ордасына жеңіс туын тітуге жазбапты.

Оның ерлігіне қаруластары тәнті болып, туған жеріне, ағайын-туыстарына, аудан басшылығындағы азаматтарға Мұсаның есімін ұлықтауға өтініш хаттар жазғанымен, шешімін таппай келген.

Жауға берілмей, соңғы гранатаны жарып өзін де, ондаған фритті жойған Мұса батырға бүгінгі ұрпақ қандай құрмет жасаса да, артық болмайды. Соғыста саналы түрде жанын қиып жасаған ерлігіне берілген «Қызыл жұлдыз» орденін елге қайтарып, музейге табыстау және аудан орталығынан көше атын беру, өзі оқыған мектептің атын Мұсаның есімімен атау Желістің 75 жылдығы қарсаңында атқарылса дейміз.

Рысбай ҚӘРІМОВ, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

Хабарландыру

"Абзал және Компания" ТС күрші алқаптарын өңдеуге арналған "Номино" гербицидін ұсынады. Байланыс тел.: 8(7242) 25-01-01, 8-705-706-70-00. e-mail: abzal-companny@mail.ru (Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы департаментінен сериясы А.А005 №0005713 лицензиясы берілген) (6-2)

Жарамсыз деп есептелсін

Нұғыманов Бейбіт Зейінұлдаевичтің атына Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінен берілген зейнеткерлік куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.



«Қайсар» – үздік үштікте

Өткен аптаның демалыс күндерінде футболдан Премьер-лига командалары арасындағы ел біріншілігінің 2-тур ойындары өтті. Бұл турда Қызылорданың «Қайсар» Көкшетауда жергілікті «Оқжетпеспен» кездесті.



Ойын тағдырын жалғыз гол шешті. Оны 10-минутта «Қайсардың» шабуылшысы Элуджа Лобжанидзе өзінің еншісіне жазды. Ол өзінде қызылордалық клуб соққан екі голдың да авторы атанып отыр. Осылайша жерлестеріміз қарсыласын 1:0 есебімен жеңіп кетті. Бұдан бұрын «Қайсар» өз алаңында Павлодардың «Ертісінен» 1:0 есебімен басым түскен болатын.

Екінші турдағы өзге ойындарда «Жетісу» мен «Тобыл» 0:0, «Ертіс» - «Қызылжар» 1:1 есебімен тең түсті. Ал «Шахтер» «Қайратты» 1:0, «Тараз» «Ордабасын», «Астана» «Каспийді» 3:2 есебімен жеңді. Қазір турнир кестесінде «Астана» көш басында келеді. Одан кейінгі орындарда «Қайрат» және «Қайсар» командалары тұр.

Сондай-ақ, кеше коронавирус инфекциясының ел аумағында таралуының алдын

алу мақсатында ел біріншілігі ойындарын өткізу кейінге шегерілді. Бұл жайында ҚР кәсіпқой футбол лигасынан мәлім етті. Аталған шешім Премьер-лига, бірінші және екінші лига ойындарына қатысты қабылданған. Жаңа ойын кестесі кейін хабарланатын болады. Ел біріншілігінің 3-туры 21 және 22 наурыз күндеріне белгіленген еді. Бұдан бұрын футболдан Қазақстан кубогының алғашқы кезеңі кейінге шегерілді.

Нұр-Сұлтан қаласында парапар-эрлифингтен өткен еліміздің командалық чемпионатында облыс құрамасы үздік үштіктен көрінді.

Облыс құрамасы жүлдегер атанды

Оған Қазақстанның барлық өңірінен спортшылар келді. Сайыс барысында мүгедектерге арналған спорт клубынан Кабира Асқарова (50 келі), Станислав Шакиев (59 келі) және Айгүл Байжанова (86 келі) чемпиондық атаққа қол жеткізе, Фариза Төлжан (50 келі) күміс жүлдегер атанды. Ал «Қажымұқан» спорт клубынан Дана Темірхан (79 келі) күміс медаль алса, Наркыз Абдрасилова (55 келі) үшінші орынды қанағат тұтты.

Сондай-ақ, командалық чемпионатпен қатар өткен жастар арасындағы ел чемпионатында Дана Темірхан мен Наркыз Абдрасилова алтыннан алқа тақты.

Спортшыларды жарысқа облыстың аға жаттықтырушысы Бахытбек Рысбаев және жаттықтырушылар Еркебұлан Зайдашов пен Кабира Асқарова дайындады.

«СБ» ақпарат.